

"Инвестициялық келісімшарт шеңберінде импорты қосылған құн салығынан босатылған шикізат және (немесе) материалдар тізбесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 140 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2025 жылғы 18 ақпандағы № 11-1-4/83 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 19 ақпанда № 35737 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2025 жылғы 30 қазандағы № 11-1-4/644 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Сыртқы істер министрінің 30.10.2025 № 11-1-4/644 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Инвестициялық келісімшарт шеңберінде импорты қосылған құн салығынан босатылған шикізат және (немесе) материалдар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 140 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16736 болып тіркелген) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Инвестициялық келісімшарт шеңберінде импорты қосылған құн салығынан босатылған шикізат және (немесе) материалдар тізбесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 137, 138, 139, 140, 141, 142, 143, 144, 145 жолдармен толықтырылсын:

"

137	Құрғақ өнімді қайта есептегенде құрамында салмағы 20 %-дан немесе одан да көп марганец бар темір марганец кенін және концентраттарды қоса алғанда, марганец кендері мен концентраттары	2602000000
138	Бейметалдардың оттегімен, бейорганикалық өзге де қосылыстары	2811299000
139	Басқа сульфидтер	2830908500
140	Басқа хроматтар мен дихроматтар; пероксохроматтар	2841500000
141	Мочевинамен қатайтылған немесе қатайтылмаған сутегі асқын тотығы	2847000000

142	Қымыздық қышқылы, оның тұздары мен эфирлері	2917110000
143	Тиурам моно-, ди- немесе тетрасульфидтер	2930300000
144	Дөңгелек қимасының диаметрі 14 миллиметрден аз темір немесе легирленбеген болаттан жасалған борпылдақ орамдардағы ыстықтай илемделген шыбықшалар	721391
145	Өңделмеген марганец; ұнтақтар	8111001100

"

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Инвестиция комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Заң қызметі департаментіне жіберілуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушы*

А. Рахметуллин

"Келісілді"

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

"Келісілді"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"Келісілді"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі